



БЕКІТІЛГЕН

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ Директорлар
кеңесінің 12.11.2024 ж.
(№ 9 хаттама) шешімімен**

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
КеАҚ Ішкі аудит қызметі қызметінің кепілдік беру және қызмет
сапасын арттыру бағдарламасы»**

1 Жалпы ереже

Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі аудит қызметі қызметінің Халықаралық ішкі аудит стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін әзірленген.

Бағдарлама сонымен қатар ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауды және қызметті жетілдіру мүмкіндіктерін анықтауды көздейді.

Бағдарлама «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қолдануына міндетті.

Бағдарламаны ішкі аудит қызметінің басшысы әзірлейді, енгізеді, бақылайды және жаңартады.

Бағдарлама «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің бағдарламаны алдын ала қарауын ескере отырып, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және өзгертіледі.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде келесі негізгі құжаттардың ережелері/талаптары ескерілді:

- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415-ІІ заңы;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі 08.08.2024 №398;

- Ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздері;

- Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары;

- Халықаралық ішкі аудиторлар институты әзірлеген ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерінің практикалық нұсқаулары;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі туралы ереже;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі аудит қызметі туралы ереже;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ басқа да ішкі нормативтік құжаттары.

Бағдарламада келесі қысқартулар қолданылады:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі – Директорлар кеңесі

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті – Аудит жөніндегі комитет

- Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасы – Бағдарлама

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ – Қоғам

- Ішкі аудит қызметі – ІАҚ

2 Бағдарламаның мақсаты мен негізгі бағыттары

Бағдарламаның мақсаты Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне, Қоғам Басқармасына:

- Қоғамның ішкі аудит қызметі Ішкі аудит институты ішкі аудитінің Халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келетін ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес жүзеге асыруға;

- ішкі аудит Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі

комитетіне, Басқармаға Қоғамның қызметін жетілдіруге және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған мәселелерде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті негізде жәрдем көрсетуге;

- Қоғамның ішкі аудиті өз функцияларын тиімді және қажетті сапа деңгейімен орындауға;

- ішкі аудит функциясы үздіксіз дамуға кепілдік беру болып табылады.

Бағдарлама:

- сәйкессіздіктің елеулі жағдайларын жою жөніндегі уақтылы түзету іс-шараларын қоса алғанда, Әдеп кодексіне және стандарттарға сәйкестігін;

- Ішкі аудит туралы ереженің, ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттерінің, рәсімдерінің сәйкестік дәрежесін;

- корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және Қоғамның ішкі бақылау процестеріне қосқан үлесін;

- үздік тәжірибені үздіксіз жетілдіру және енгізу жөніндегі қызметтің тиімділігін;

- ішкі аудит қызметінің пайдалылық дәрежесі және оның Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіруге әсерін бағалауды қамтиды.

- Бағдарлама бағалаудың екі түрін қамтиды:

- Ішкі бағалау;

- Сыртқы бағалау.

3. Ішкі бағалау

Ішкі бағалауды ІАҚ басшысы жүргізеді.

Ішкі бағалау аудиторлық қызметтің барлық спектрін қамтуы керек және:

- ІАҚ қызметінің ағымдағы мониторингін;

- ІАҚ қызметкерлері жүргізетін мерзімді өзін-өзі бағалауды қамтуы керек.

3.1 ІАҚ қызметінің ағымдағы мониторингі

Қызметтің ағымдағы мониторингі аудиторлық тапсырманың орындалуын, жұмыс құжаттамасын тексерудің жүйелі рәсімдерін үздіксіз бақылаудан тұрады.

Тапсырманың орындалуын бақылау:

- Жоспарланған тексеруге сәйкес келетін жұмыс құжаттарын жасауды;

- Тапсырмаларды жоспарлау барысында тиісті нұсқаулар және олардың орындалуына жұмыс құжаттамасын бекітуді;

- Аудиторлық тапсырмалар жоспарын және аудиторлық жұмыс бағдарламасын (бағдарламаларын) орындауды;

- Тапсырманы орындау барысында жасалған нәтижелерді, қорытындылар мен ұсынымдарды жұмыс құжаттарымен тиісінше нығайтуды;

- Тапсырмаға қатысты берілген ақпараттың дәлдігін, әділдігін, айқындылығын, конструктивтілігін және уақтылығын;

- Қойылған міндеттерге қол жеткізуді;

- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің білімін, дағдылары мен құзыреттілігін жетілдіру үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуі керек.

Ішкі аудит қызметінің үздіксіз мониторингін орындау процесінде сапа өлшемшарттарын бағалауға арналған бақылау тізбесі 1- қосымшада ұсынылған.

3.2 Мерзімді өзін-өзі бағалау ішкі аудит қызметінің Әдеп стандарттары мен Кодексіне, сондай-ақ ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкестігі мақсатында кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

Тұрақты өзін-өзі бағалаудың негізгі мақсаты-қызметті жақсарту үшін ішкі аудит қызметі енгізуі керек ұсыныстар тізімін қалыптастыру.

ІАҚ Стандарттар мен Әдеп кодексінің сақталуын растау және бағалау үшін:

- Жүргізілетін жұмыстың сапасы мен бақылауына;
- ІАҚ әзірлеген ішкі құжаттардың барабарлығы мен қолданыстылығына;
- ІАҚ-ның қоғамға тигізетін пайдасына.
- Тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуіне.
- Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының ішкі аудитке қатысты күтулеріне сәйкестік дәрежесіне мерзімді өзін-өзі бағалауды жүргізеді.

Мерзімді өзін-өзі бағалауды ішкі аудит қызметінің басшысы жүзеге асырады, Сапаны бағалау жөніндегі халықаралық ішкі аудиторлар институтының әдістемелік құралы немесе осыған ұқсас нұсқаулықтар мен құралдар (әдістемелер) жиынтығы негіз ретінде пайдаланылады.

Өзін-өзі бағалау процедураларын орындау мыналарды қамтиды:

- ішкі аудит қызметінің ІАҚ туралы ережеге, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі аудитті ұйымдастыру тәртібіне және ішкі аудит стандарттарына сәйкестігін талдау;

- ішкі аудит құзыретіне жататын мәселелер бойынша Ішкі аудит, Директорлар кеңесі, Аудит жөніндегі комитет, Қоғам Басқармасы алдына қойылған міндеттердің орындалуын талдау;

- Қоғамның мақсаттарына қол жеткізудегі ішкі аудит функциясының көмек дәрежесін бағалау;

- Әдеп кодексіне сәйкестігіне ішкі аудит қызметін бағалауды жүргізу;

- орындалған тексерулерді іріктеп талдау негізінде бағалау жүргізу, жұмыс құжаттары мен аудиторлық есептерді тексеруді қоса алғанда;

- тексеру объектілерінен және басқа да мүдделі тараптардан кері байланыс (2-қосымша)

Ішкі аудит қызметінің стандарттарға және Әдеп кодексіне сәйкестік деңгейін көрсететін мерзімді өзін-өзі бағалау нәтижелері 1320 «Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы бойынша есеп беру» стандартының талаптарына сәйкес өзін-өзі бағалау аяқталғаннан кейін Директорлар кеңесіне хабарланады.

Сыртқы бағалау жүргізілмес бұрын жүзеге асырылатын осындай өзін-өзі бағалау сыртқы бағалаудан өтуді жеңілдетеді және оған кететін шығындарды азайтады.

Ішкі аудит қызметінің кезеңдік өзін-өзі бағалауының бақылау тізбесі 3 қосымшада ұсынылған.

4. Сыртқы бағалау

Сыртқы бағалауды кемінде бес жылда бір рет білікті және тәуелсіз бағалаушы немесе Қоғам қызметкері болып табылмайтын бағалаушылар тобы жүргізеді.

Сапаны сыртқы бағалау ішкі аудит қызметі функциясының жұмысын жан жақты талдауды қамтиды:

- Халықаралық ішкі аудит стандарттары мен Әдеп кодексіне сәйкестік шарты;

- ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігі

- Директорлар кеңесінің, Басқарманың ішкі аудитке қатысты күтулерінің дәрежесі

Сыртқы бағалауды жүргізу үшін ішкі аудит қызметінің басшысы Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитетпен талқылауға тиіс:

- сыртқы бағалаудың форматы мен жиілігі;

- бағалаушылардың немесе бағалаушылар тобының біліктілігі мен тәуелсіздігі, кез келген ықтимал мүдделер қақтығысын қоса.

Сыртқы бағалау толық сыртқы бағалау жүргізілетін нысанда немесе тәуелсіз сыртқы растаумен өзін-өзі бағалау жүргізілетін нысанда жүргізілуі мүмкін.

Білікті бағалаушы немесе бағалаушылар тобы – бұл ішкі аудит пен сыртқы бағалаудың кәсіби тәжірибесінде құзыретті адамдар.

Сыртқы бағалаушы сатып алу қызметін реттейтін Қоғамдағы қолданыстағы құжатқа сәйкес таңдалады және Қоғаммен белгіленген тәртіппен жасалатын шарт негізінде әрекет

етеді.

Бағалаушылар немесе бағалаушылар тобы екі негізгі салада құзыретті болуы керек: ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесін (соның ішінде ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін терең білу) және сапаны сыртқы бағалау процесін.

Бағалаушылардың қалаулы құзыреттері мен біліктіліктеріне мыналар жатады:

- Ішкі аудит маманының кәсіби сертификаты (мысалы, дипломы бар ішкі аудитор).

- Ішкі аудит басшысы лауазымындағы (немесе ішкі аудит саласындағы ұқсас басшы лауазымдағы) жұмыс тәжірибесі.

- Ұқсас көлемдегі және саладағы ұйымдардағы ішкі аудит тәжірибесі.

Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін бағалаушылар тобының әрбір мүшесінің жоғарыда аталған барлық қажетті құзыреттерге ие болуы міндетті емес, жалпы топтың қажетті біліктілікке ие болуы қажет.

Осыған байланысты бағалаушылар тобына кәсіпорынның тәуекелдерді басқару, ақпараттық технологиялар аудиті, мониторинг жүйелері және өзін-өзі бағалауды бақылау саласындағы мамандар сияқты басқа салаларда білімі бар адамдар кіруі мүмкін.

Бағалаушының тәуелсіздігі мен әділдігі.

Бағалаушының немесе бағалаушылар тобының тәуелсіздігі мүдделер қақтығысының нақты немесе болжамды болмауын болжайды.

Ол үшін ішкі аудит басшысы Директорлар кеңесімен (Аудит жөніндегі комитеттің келісімімен) талқыланып, тәуелсіздік пен әділдікке байланысты бірнеше факторларды ескеруі керек.

Әділдікке теріс әсер ететін факторларға Қоғаммен, оның қызметкерлерімен немесе ішкі аудит қызметімен кез келген қарым-қатынас кіруі мүмкін (мысалы, қаржылық есептіліктің сыртқы аудиті, сапаны ішкі бағалауға қатысу; корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржылық есептілік, ішкі бақылау немесе соған байланысты салалардағы консультациялық қызметтер).

Тәуелсіз бағалаушылар Қоғамның қызметшісі немесе бақылауында бола алмайды.

Сыртқы сапаны бағалау нәтижелері олар аяқталғаннан кейін хабарлануы керек.

5 Бағдарлама бойынша есеп беру

Жылына кемінде бір рет Ішкі аудит басшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне кепілдік беру және сапаны арттыру бағдарламасы аясындағы қызметі және оның нәтижелері туралы есеп береді.

Ішкі бағалау нәтижелері бойынша осы Бағдарламаға 4-қосымшаға сәйкес ішкі аудит қызметінің сапасын бағалау бойынша есеп қалыптастырылады.

Есепті Директорлар кеңесіне (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауымен), қажет болған жағдайда Қоғамның Басқармасы ішкі аудит жұмыс жоспарының орындалуы және қызметінің нәтижелері туралы ІАҚ жылдық есебінің құрамында ұсынады.

Сыртқы бағалау нәтижелері Директорлар кеңесіне ұсынылады (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауымен).

Жүргізілген ішкі және сыртқы бағалаулардың нәтижелері бойынша ІАҚ басшысы қажет болған жағдайда ішкі аудит қызметін дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді немесе түзетуді жүргізеді. Іс-шаралар жоспары Директорлар кеңесінің қарауына (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауымен) ішкі аудит қызметінің сапасын ішкі бағалау нәтижелері бойынша есепке немесе жүргізілген сыртқы бағалау нәтижелері бойынша есепке қосымша ретінде ұсынылады.

6 Қорытынды ережелер

Қоғамның бағдарламасы мерзімді қайта қаралуға және қажет болған жағдайда стандарттардағы немесе ішкі аудит қызметін жүзеге асыратын ортадағы өзгерістерді ескере отырып жаңартылуға жатады.